

ӨРЕСКЕЛ ЗАҢБҰЗУШЫЛЫҚТАР АНЫҚТАЛДЫ



Маңғыстау облысы бойынша Техникалық реттеу және метрология департаментіне «e-Otinish» бірінғай платформасы арқылы келіп түскен тұтынушы шағымы негізінде Ақтау қаласындағы автогаз құю станцияларының бірінде жоспардан тыс тексеріс жүргізілді. Шағымға 60 литрлік газ баллонына 89 литр газ құйылу дерегі себеп болды. Тексеріс барысында газ колонкаларының есепке алу жүйесіне заңсыз араласу дерегі

расталып, электрониканы қорғайтын пломбалардың жұлынғаны және газ беру коэффициенттерін қолдан түзету үшін бөтен сымдар жалғанғаны анықталды. Сонымен қатар өлшеу терминалдарының пломбаларының кесілуі, манометрлердің зақымдануы және жабдықтың 2023 жылдан бері міндетті метрологиялық тексеруден өтпегені белгілі болды. ҚР өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы заңының талаптарын өрескел

бұзғаны үшін АГКС иелеріне ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 419-бабы бойынша 497 375 теңге айыппұл салынды. Анықталған бұзушылықтар толық жойылғанға дейін газ тарату колонкаларын пайдалануға ресми түрде тыйым салынды. Егер сіз де осындай құқықбұзушылықтарға тап болсаңыз, Маңғыстау облысы бойынша Техникалық реттеу және метрология департаментіне «e-Otinish» бірінғай платформасы арқылы ресми түрде жүгінуіңізге болады. Қазақстан Республикасы кәсіпкерлік кодексінің 144-бабы 5-тармағының 3-тармақшасына сәйкес жоспардан тыс тексеру тағайындау үшін өтініште құқықбұзушылық фактісін растайтын нақты дәлелдер (фото, видео, фискалдық чек және т.б.) болуы қажет екенін каперіңізге саламыз.

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ТЕХНИКАЛЫҚ РЕТТЕУ ЖӘНЕ МЕТРОЛОГИЯ ДЕПАРТАМЕНТІ

ҚЫЗМЕТ МЕРЗІМІ ҚЫСҚАРТЫЛДЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ АГЕНТТІГІНІҢ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІМЕН МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ЖЕТІЛДІРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ КӨРСЕТУ ТӘРТІБІН ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢНАМА ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕСТЕНДІРУ МАҚСАТЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР ТІЗІЛІМІНЕ ҰСЫНЫСТАР ЕНГІЗУ ЖҰМЫСТАРЫ ТҰРАҚТЫ ТҮРДЕ ЖҮРГІЗІЛУДЕ.

Осы бағыттағы жұмыстар аясында департаментпен тұрғын үй көмегін тағайындау мемлекеттік қызметін көрсету мерзіміне қатысты сәйкессіздікті жою жөнінде ұсыныс берілді. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2023 жылғы 8 желтоқсандағы №117 бұйрығымен бекітілген «Тұрғын үй көмегін тағайындау» қағидаларының 2-тарауының 13-тармағында құжаттарды қарау және тұрғын үй көмегін тағайындау туралы шешім қабылдау немесе көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру мерзімі мемлекеттік корпорациядан немесе электрондық үкімет веб-порталы арқылы құжаттардың толық топтамасы келіп түскен күннен бастап 8 (сегіз) жұмыс күнін құрайтыны көрсетілген. Сонымен қатар аталған қағидалардың 2-қосымшасының 3-бөлімінде мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі 6 (алты) жұмыс күні ретінде белгіленген. Осылайша, бір нормативтік

құқықтық актінің өзінде мемлекеттік қызмет көрсетуге қатысты әртүрлі мерзімдер көрсетілген. Осыған байланысты департаментпен мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіміне тұрғын үй көмегін тағайындау мемлекеттік қызметін көрсету мерзіміне қатысты қағиданың 2-тарауының 13-тармағы мен 2-қосымшасының 3-бөліміндегі сәйкессіздіктерді жою жөнінде ұсыныс енгізілді. Ұсыныста мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі арасындағы қайшылықтарды жойып, нормативтік құқықтық актінің барлық нормаларын өзара сәйкестендіру қажеттігі көрсетілді. Нәтижесінде, ұсыныс қолдау тауып, тиісті өзгерістер енгізілді. Атап айтқанда, тұрғын үй көмегін тағайындау мемлекеттік қызметін көрсету мерзімі бойынша нормативтік құқықтық актілер мен ақпараттық жүйедегі мәліметтер өзара сәйкестендіріліп, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 6 (алты) жұмыс күні болып белгіленді. Аталған ұсыныстың іске асырылуы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіндегі құқықтық айқындықты қамтамасыз етуге, мемлекеттік органдардың жұмысын өзара үйлестіріп және азаматтардың мемлекеттік қызметтерді алу барысында туындауы мүмкін түсініспеушіліктердің алдын алуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар бұл мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға және қызмет алушылар үшін қолайлы жағдай жасауға ықпал етеді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ АГЕНТТІГІНІҢ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ АШЫҚ ЖИНАЛЫС НЫСАНЫНДА ҚОҒАМДЫҚ ТЫНДАУЛАР ӨТКІЗЕТІНІН ХАБАРЛАЙДЫ	
Жобаның атауы	Өзенмұнайгаз АҚ-ның Өзен және Қарамандыбас кен орындарында ұңғымаларды салу және объектілерді жайластыру жобалары үшін әсер етуге экологиялық рұқсаттар алуға өтінімдеріне арналған материалдар
Қоғамдық тыңдауларды өткізу күні, уақыты және орны	2026 жылғы 30 шілде сағат 11:00-де «Өзенмұнайгаз» АҚ, 2-қабаттағы өндірістік блогының конференц-залында. Карантин режимі жағдайында қоғамдық тыңдаулар бейнеконференция арқылы өтеді. Конференцияға сілтеме: https://teams.microsoft.com/join/43097410843922?pw=500WSYWsYRnp6pb Жиналыс идентификаторы: 430 974 108 439 22 Құпия код: Fg6R33dq
Тұтынушының және құжаттаманы әзірлеушінің аты мен контактілері	Тұтынушы – «Өзенмұнайгаз» АҚ, БИН 120240020997, тел. 8 (72934) 65139, e-mail: s.sarsenbayev2@omg.kmg.kz . Мердігер - «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС филиалы «ҚазмұнайгазФЗЖИ», БСН 180541009170, тел. 8 (7292) 701344, e-mail: E.Khamanova@kmge.kz
Жобалық құжаттама орналастырылған және ескертулер мен өтінімдер қабылданатын жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекенжайы	https://ndbecology.gov.kz/ https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/about?lang=ru
Жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдық тыңдауды ұйымдастыруға жауапты тұлғаның байланыс деректері	Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, «Жобаларды экологиялық сараптау» бөлімінің бас маманы – Сабина Базарбай, тел. 8/7292/ 46-21-31 (1210) s.bazarbay@mangystau.gov.kz
Ұсыныстар мен ескертулер қабылданатын жергілікті атқарушы органның электрондық поштасының мекенжайы	mangystautabigat@gmail.com tabigat@mangystau.gov.kz

Бұл бос орын сіздің ЖАРНАМАҢЫЗҒА АРНАЛҒАН

ТЕЛЕФОН: 20-48-42

2026 ЖЫЛҒА «МАҢҒЫСТАУ-МЕДИА» БАСЫЛЫМДАРЫНА ЖАЗЫЛУ НАУҚАНЫ ЖҮРІП ЖАТЫР

«Халық» және «Каспи» қосымшасы арқылы онлайн жазылуға болады

«МАҢҒЫСТАУ» газетіне жазылу

Занды тұлғаларға жарты жылға Редакция арқылы 8185,00 теңге Қазпошта арқылы 12940,98 теңге Индекс 15492

Жеке тұлғаларға жарты жылға Редакция арқылы 4092,5 теңге Қазпошта арқылы 6473,76 теңге Индекс 65492

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТЫНЫСЫ – «МАҢҒЫСТАУ» ГАЗЕТІНДЕ!

ХАБАРЛАНДЫРУ

«TENGE Oil & Gas» ЖШС жобалар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізетіні туралы хабарлайды: 1. «Төнге» кен орнындағы МГС жобасы шеңберінде ұңғымаларды жаңғырту жұмыс жобасын әзірлеу, 2. «Төнге кен орнында Мұнай дайындау қондырғысын реконструкциялау бойынша жұмыс жобасын әзірлеу» Қоршаған ортаны қорғау бөлімі, қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар жоспары.

Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары: с.е.43°17'50''ш.б.52°49'53''
Қоғамдық тыңдаулар: 2026 жылғы 30 шілде сағат 15:00-де, Маңғыстау облысы, Жанаөзен қаласы, Төнге ауылындағы «Атамұра» мәдениет үйінде өтеді.
Платформа ZOOM: <https://us06web.zoom.us/j/81557325014?pwd=GZvSeAkeOBa91kE5a5Zub1eCb4lpGX.1>
Конференция идентификаторы: 815 5732 5014
Кіру коды: 804793
Тұтынушы: «TENGE Oil & Gas» ЖШС, Жаңаөзен қ., Өндірістік аймақ 5, құрылыс 10, тел.8/72934/92301 (117), БСН: 150940022022, e-mail: abubakir_1973@mail.ru.
Жобаны әзірлеуші: «Construction NS» ЖШС, Ақтау қ. 17 шағын аудан, 20 үй тел: 87767120270. БСН: 010740010777, «Инженерный центр» ЖШС, Ақтау қ. Өндірістік аймақ 4, 63/3, үй тел: (8 7292) 52-28-43, БСН: 010440000382
Құжаттама <https://ndbecology.gov.kz> порталында және <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/> интернет-ресурста
Материалдарды сұратуға болатын электрондық пошта мекенжайы және телефон нөмірі: eco_rk@mail.ru, 87014848005
Ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz> және электр. ЖАО мекенжайы s.bazarbay@mangystau.gov.kz сайтында қабылданады.

7.02.2020 ж. Т.К.Туреевтың атына алынған №362 сату-сатып алу шарты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

LADA GRANTA автокөлігі сатылады.

- * Жылы: 2016
- * Қозғалтқыш көлемі: 1.6 л
- * Жанармай: Газ / Бензин
- * Беріліс қорабы: Механика (МКПП)
- * Түсі: ақ

8 778 915 15 88

02.10.2003 ж. Е.С.ДЖАРЫЛГАПОВ АТЫНА БЕРІЛГЕН №17751 САТУ-САТЫП АЛУ ШАРТЫ ЖОҒАЛУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН.

КӘСІПОРЫНДАР, ҰЙЫМДАР, МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРЫНДАР БАСШЫЛАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҢ НАЗАРЫНА

«Маңғыстау өңірлік электртораптық компаниясы» АҚ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрілігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаментіне электр энергиясын беру қызметтеріне тарифті бекітуге өтінім бергенін хабарлайды (қосымша құн салығынсыз):

1 кВт/сат

Көрсеткіштердің атауы	2026 жылғы 1 шілдеден бастап 2027 жылғы 30 маусымға дейінгі кезеңге	2027 жылғы 1 шілдеден бастап 2028 жылғы 30 маусымға дейінгі кезеңге	2028 жылғы 1 шілдеден бастап 2029 жылғы 30 маусымға дейінгі кезеңге
Орташа тариф	8,85	9,39	9,64
Занды тұлғалар үшін тариф	11,95	12,65	12,92
Жеке тұлғалар үшін тариф	2,61	2,87	3,15
Электр энергиясын беру және тарату қызметтерін көрсететін МКК үшін тариф	3,29	3,62	3,98
Ақтау қаласы («АЭЖБ» МКК желісі арқылы) және Мұнайлы ауданы («Маңғыстауэнерго» МКК желісі арқылы) тұтынушыларына тариф	0,88	0,97	1,06

Қазіргі уақытта электр энергиясын беру тарифін бекіту туралы өтініш жоғарғы органда қаралуда, соған байланысты тарифтің мөлшері өзгеруі мүмкін, тарифті бекіту туралы бұйрықты алынған кезде хабарланады.